

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Фармация комитеті төрағасының
2018 жылғы « 05 » 12
№ N018459 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік затты медициналық қолдану
жөніндегі нұсқаулық**

Оксолин жақпамайы

Саудалық атауы

Оксолин жақпамайы

Халықаралық патенттелмеген атауы

Жоқ

Дәрілік түрі

Мұрынға арналған жақпамай 2,5 мг/г, 10 г

Құрамы

1 г препараттың құрамында

белсенді зат - оксолин 2,5 мг

қосымша заттар: вазелин майы (минералды), ақ жұмсақ парафин

Сипаттамасы

Ақтан ақшыл сары түске дейінгі біртекті жақпамай. Сақтаған кезде қызғылт түстің пайда болуына жол беріледі.

Фармакотерапиялық тобы

Дерматология. Дерматологияда қолдануға арналған антибиотиктер және химиотерапиялық препараттар. Микробқа қарсы препараттар. Жергілікті қолдануға арналған химиотерапиялық препараттар. Вирусқа қарсы препараттар

АТХ коды D06BB

Фармакологиялық қасиеттері

Фармакокинетикасы

Шырышты қабыққа жаққанда препарат 20%-ға дейін сіңеді. Организмде жинақталмайды және негізінен бүйрек арқылы тәулік ішінде шығарылады.

Фармакодинамикасы

Оксолиннің вирустарға қарсы белсенділік механизмі вирустың репродукция қарқындылығына тікелей әсер етуінен, сондай-ақ қожайын жасушалар арқылы инфекция жұқтырған жасушалардағы РНҚ (рибонуклеин

қышқылы) синтезін бәсеңдету есебінен вирустардың көбеюіне кедергі болады.

Тұмау вирустарына, *Herpes zoster*, аденовирустардың репродукциясына айқын тежегіш әсер етеді; әсіресе А тұмауының вирусына қатысты белсенді.

Қолданылуы

- тұмаудың профилактикасы үшін
- вирусты риниттің профилактикасы үшін

Қолдану тәсілі және дозалары

Мұрын ішіне.

Тұмаудың профилактикасы үшін: күнделікті мұрынның шырышты қабатына тұмаудың эпидемиясы кезеңінде (әдетте 25 күн бойы) немесе тұмауы бар науқаспен жанасқанда күніне 2-3 рет жағады.

Вирусты ринитті емдеу: мұрынның шырышты қабығына 3-4 күн бойы күніне 2-3 рет жағады.

Жағымсыз әсерлері

Шырышты қабығының жылдам өтетін күйдіру сезімі, ринорея.

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- препараттың және оның компоненттерінің жақпаушылығы

Дәрілермен өзара әрекеттесуі

Анықталмаған

Айрықша нұсқаулар

Жүктілік және лактация кезеңі

Препаратты жүктілік және лактация кезеңінде қолдану анаға деген болжанған пайдасы ұрыққа және балаға деген әлеуетті қаупінен жоғары болғанда ғана қолдануға болады.

Екі жасқа дейінгі балаларға сақтықпен қолдану керек.

Дәрілік препараттың көлік құралдарын жүргізуге және қауіпті механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Препаратты қолданғанда көлік құралдарын және қауіпті механизмдерді басқару қабілетіне әсер етпейді.

Артық дозалануы

Мәліметтер жоқ

Шығарылу түрі және қаптамасы

10 г препараттан алюминий сықпада. 1 тубадан медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тіліндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынған.

Сақтау шарттары

2 °С-ден 8 °С-ге дейінгі температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Сақтау мерзімі

2 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептісіз

Өндіруші

"Тернофарм" ЖШҚ

Украина, Тернополь қ.,

Фабричная к-сі, 4;

тел./факс: +38 (0352) 521-444

www.ternopharm.com.ua

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

"Тернофарм" ЖШҚ Украина

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттың сапасына қатысты шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электрондық пошта)

"Тернофарм" ЖШҚ

Украина, Тернополь қ., Фабричная к-сі, 4;

тел./факс: +38 (0352) 521-444

Ұялы телефон: 87470126972

Электрондық пошта: ternopharm@ternopharm.com.ua

Қазақстан Республикасы аумағында дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электрондық пошта)

"Тернофарм" ЖШҚ

Украина, Тернополь қ., Фабричная к-сі, 4;

тел./факс: +38 (0352) 521-444

Ұялы телефон: 87470126972

Электрондық пошта: ternopharm@ternopharm.com.ua